



CENTER FOR
ANALYTICAL
RESEARCH &
EVALUATION



Erasmus+

Jean Monnet Modules

**« ХАЛЫҚТЫҢ ӨМІР СҮРУ САПАСЫ МЕН ҰЛТТЫҚ
ҚАУІПСІЗДІКТІ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУДЕГІ
МЕМЛЕКЕТТІК АУДИТ »**

**Халықаралық ғылыми-тәжірибелік
конференцияның
баяндамалар жинағы**

**Сборник докладов международной научно-
практической конференции**

**«ГОСУДАРСТВЕННЫЙ АУДИТ В ОБЕСПЕЧЕНИИ
ВЫСОКОГО КАЧЕСТВА ЖИЗНИ НАСЕЛЕНИЯ И
НАЦИОНАЛЬНОЙ БЕЗОПАСНОСТИ»**

**Collection of reports of the international scientific
and practical conference**

**«STATE AUDIT IN ENSURING THE HIGH QUALITY OF
LIFE OF THE POPULATION AND NATIONAL
SECURITY»**

АСТАНА 2025

УДК 657.6
ББК 65.052
С23

С Сборник докладов международной научно- практической конференции «Государственный аудит в обеспечении высокого качества жизни населения и национальной безопасности » = Collection of reports of the international scientific and practical conference «State audit in ensuring the high quality of life of the population and national security» = «Халықтың өмір сүру сапасы мен ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз етудегі мемлекеттік аудит» Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференцияның баяндамалар жинағы. – Астана: - 359 б.

ISBN 978-601-385-061-0

Жинаққа мемлекеттік аудит органдары қызметкерлерінің, ғылыми қызметкерлердің, ғалым-экономистердің, қаржы саласы және мемлекеттік аудит мамандарының, профессор-оқытушылар құрамының және білім алушылардың халық өмірінің жоғары сапасын және ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз етудегі мемлекеттік аудиттің өзекті мәселелері бойынша баяндамалары кірді

The collection includes reports of employees of state audit bodies, researchers, economists, specialists in the financial sector and state audit, faculty and students on topical issues of state audit in ensuring a high quality of life of the population and national security

В сборник вошли доклады работников органов государственного аудита, научных работников, ученых-экономистов, специалистов финансовой сферы и государственного аудита, профессорско-преподавательского состава и обучающихся по актуальным вопросам государственного аудита в обеспечении высокого качества жизни населения и национальной безопасности

ISBN 978-601-385-061-0

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2025

СОДЕРЖАНИЕ

Секция 1. Роль органов государственного аудита в обеспечении высокого качества жизни населения и экономической безопасности	
Базарбай А.Б. , Әбдіқадыр А.Е. Міндетті аудит объектілеріндегі аудиттің экономикаға әсері	6
Байбозин Ж.Е. Қазақстан Республикасының экологиялық аудит жүйесінің қазіргі жағдайын талдау	11
Бияшева Н.С. Совершенствование систем управления рисками в государственном аудите: проблемы и перспективы	16
Бияхмет А.А. Методологические подходы к аудиту эффективности бюджетного финансирования транспортной отрасли в казахстане	22
Жанабаева Т.М. Еңбек және жұмыспен қамту саласындағы мемлекеттік саясаттың тиімділігіне жүргізілген аудит нәтижелері	25
Маматаева Д. Аудит эффективности цифровизации налоговых систем в казахстане: проблемы и перспективы развития	31
Мәмшетов С.Ж. Агроөнеркәсіптік кешенге бөлінген бюджет қаражатын пайдаланудың тиімділік аудиті	36
Рапилбекова А.Г. Аудит эффективности реализации государственной политики в области здравоохранения	42
Талғаров Д.Д., Саржакова Ж.Р. Ұйымның ішкі бақылау жүйесінің тиімділігін бағалау	50
Тохтахметова М.А. Қазақстан азаматтарының қоғамдық мемлекеттік аудитке қатысуы	57
Секция 2. Современные аспекты развития государственного аудита в повышении эффективности государственного управления	
Абдрашов А. М. Международная практика поддержки экспортеров и оценка её эффективности	63
Ахмедия А. Қазақстандағы міндетті аудиттің маңыздылығы	66
Мырзабек Г.М. Алибай А.Д. Аудиторлық тәуекелдерді бағалау	69
Алибекова А.Б. Ерсайынова М. Сембиева Л.М. Foreign experience of environmentally oriented state audit	74
Аманжан С. А. Цифрлық экономикаға көшу кезіндегі мемлекеттік аудиттің әлеуетті мәселелері	80
Анетова А.Н. Мемлекеттік органдардағы бизнес-процестердің реинжинирингі: мемлекеттік аудиттің тиімділігіне әсері	86
Әлімбек Ә.Г. Оценка государственной инвестиционной политики Республики Казахстан на соответствие стратегическим документам планирования	90
Еспаев Е.М. Вопросы развития экологического аудита	98
Жумағалиев Е.Т. Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық саласындағы тиімділік аудиті және инфрақұрылымды жаңғыртуға бюджет қаражатын пайдалану	102
Капан Н.М. Цифровизация государственного аудита в агропромышленном комплексе: вызовы и перспективы	104
Құсан Н.А. Государственный аудит в повышении эффективности управления государственным долгом на местном уровне: казахстанский опыт	110

Наурыз Д.А. Мемлекеттік аудит пен қаржылық бақылауды жетілдіру: шетелдік және отандық тәжірибе	117
Нурмагамбетова А.С. Сыртқы мемлекеттік аудиттің ашықтығын арттырудағы тәуекелдерді басқару жүйесінің рөлі	122
Ондасын А.Е. Цифровизация государственного аудита: современные подходы и перспективы	130
Өмірзақ.М.Е., Олжабаева.А.М. "Қазатомөнеркәсіп" ұақ "ақ қызметіндегі қателер мен жосықсыз әрекеттер: аудиторлық тәуекелдерді және бақылау шараларын талдау	140
Сакенова Г.Б. Рассмотрение международного опыта аудита эффективности реализации политики социального обеспечения в сфере продуктивной занятости Казахстана	146
Сембиев А.Н. Международный опыт развития социального аудита	152
Серікова А. Р. Энергетика саласындағы тиімділік аудиті	154
Сапархан Д.Б Қазақстан республикасының басқару жүйесіндегі мемлекеттік аудиттің рөлі	160
Сейфуллин О.Т. Развитие национальной системы сертификации государственных аудиторов как фактор повышения качества государственного аудита	168
Секция 3. Актуальные проблемы экономики в обеспечении национальной безопасности	
Анапия Н. Ж. Передача субъектов квазигосударственного сектора в конкурентную среду как инструмент снижения доли участия государства в экономике	174
Бақытжанова С. Б. Ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз етудегі мемлекеттік қаржылық бақылаудың рөлі	178
Есенбек Ч.Н. Влияние уровня финансирования науки на конкурентоспособность национальной экономики	181
Жаксылык С. Е. Жилищно-накопительная система: зарубежный опыт и практика внедрения в Казахстане	188
Жасұланова А. Б. Қазақстандағы сыбайлас жемқорлыққа және мақсатсыз шығындарға қарсы күрестегі мемлекеттік аудиттің рөлі	195
Жетпісова А.Е. Бухгалтерлік есепте әділ құнды қолдану: мәселелер мен мүмкіндіктер	202
Касенова А.К. Удаленный аудит: технологические вызовы и решения	208
Комекбаев Е. Е. Ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз етудегі экономиканың өзекті мәселелері	212
Мишкель И. А. Влияние киберугроз на экономическую стабильность и национальную безопасность	219
Танатова А. Қазақстан экономикасындағы ішкі аудитті қамтамасыз етудің өзекті мәселелері	225
Темирбек А. Т. Оценка влияния бухгалтерских ошибок на достоверность финансовой отчетности	233
Бекболсынова А.С. Стратегия налогового администрирования Республики Казахстан в условиях турбулентности экономики	239
Секция 4. Современные тенденции развития государственного аудита, учета и финансового менеджмента в странах Европейского союза	
Бекбосынова Л.Ж. Жабдықтаушылармен есеп айырысу есебі және ішкі бақылаудың негізгі теориясы	245
Ерниязова А.Р., Қаратаева Н.О., Боган А.А Цифровизация государственного аудит в странах ЕС: Как технологии помогают проверять финансы	252

Губарь С.А. Организация аудиторской деятельности в Республике Беларусь	259
Жахметова А.К., Шахарова А.Е. Мемлекеттік сатып алуды камералдық бақылаудың шетелдік тәжірибесі	264
Zhartybek D.B. From E-Salyq business to SAF-T: A Towards international Tax accounting standards	271
Каримова А.Х. Современное состояние учета расчетов с бюджетом в Казахстане	280
Оразбай М.А. Система внутреннего аудита в управлении рисками мошенничества в государственных органах	284
Оралбай А.М. Нормативно-правовое регулирование бухгалтерского учета и аудита амортизационной политики	289
Өмірзақ М.Е. Трансформация аудита под влияние искусственного интеллекта	297
Серикова М.А., Сембиева Л.М., Бектемир Х. Европейский опыт в формировании экологоориентированной модели государственного аудита	305
Башу З.Р., Буртебаева А.А., Оралова А Улучшение механизмов государственного аудита для оценки качества и управления природными ресурсами: опыт европейского союза	309
Сутбай А.К. Проблемы и перспективы реализации учетной и контрольной функций в современных экономических системах	314
Усеев С.Ж Современные подходы к аудиту и консалтингу в строительстве: анализ практик стран ЕС	320
Тасболатов А.Е. Стратегический аудит эффективности бюджетных средств в автодорожной отрасли Республики Казахстан	324
Машаева А.Ж., Жупышева А.О Стратегический аудит обеспечения водной безопасности в Республике Казахстан	337
Мухамедьярова Л.Р. Государственный аудит как инструмент контроля и повышения эффективности управления внебюджетными фондами	346
Сембиева Л.М., Саденова Г.С. Ключевые аспекты аудита в сфере спорта	355
Улыбышев Д.Н. Жайлауов Е.Б. Бектлеева Д.Е. Совершенствование методологии оценки эффективности использования национальных ресурсов	349
С.В.Биякин Учет лизинга в соответствии с IFRS 16 в казахстанской компании: опыт и практические аспекты	358
Алтынбек Т., Темірлан Т. Қонақ үй табыстылығын басқарудағы түнгі аудиттің рөлі	364
Жұман Ғ.С. Современные подходы к учету доходов в малом и среднем бизнесе	367
Шахарова А.Е. Концепция оценки влияния эффективного использования национальных ресурсов на качество жизни населения и национальную безопасность казахстана	372
Ирисбекова М.Н. Актуальные вопросы экономической безопасности региона	375

информации и низкий уровень автоматизации аудита.

Государственный аудит играет ключевую роль в управлении долгом, обеспечивая контроль за законностью заимствований и их эффективностью. Однако управление государственным долгом в Казахстане сталкивается с системными проблемами, требующими улучшения методологии аудита с учётом международных стандартов. Совершенствование аудита должно быть частью модернизации системы госуправления, направленной на достижение стратегических целей развития, при этом аудит способствует повышению эффективности использования государственных и заемных средств.

Список литературы

1. Послание Президента Республики Казахстан Н.А. Назарбаева народу Казахстана «Стратегия «Казахстан – 2050: новый политический курс состоявшегося государства» Астана, Акорда, 2012 год.

2. Государственный аудит. Учебник/Б.А. Алибекова, А.Б. Зейнельгабдин, С.Б. Мақыш, А.М. Мухаметкарим, С.Н. Нугербек, Д.М. Нурхалиева, Б.О. Туребекова, С.К. Тажикенова, А.К. Карыбаев/под ред. К.Е. Джанбурчина – Астана: ЕНУ им. Л.Н. Гумилева, 2016. С. 9-10.

3. Теория государственного аудита. - Астана: Счетный комитет по контролю за исполнением республиканского бюджета, 2018. С. 43.

4. ISSAI 5410, 5411, 5420, 5421, 5430

5. Аудиторское заключение Ревизионной комиссии по Акмолинской области. 2024. С. 3.

6. Положение о Министерстве финансов Республики Казахстан, утвержденное постановлением Правительства Республики Казахстан от 24 апреля 2008 года № 387.

7. Сводная информация Министерства финансов Республики Казахстан «Государственный и гарантированный государством долг, долг по поручительствам государства по состоянию на начало года». Нур-Султан, 2021, 2025. <https://www.gov.kz/memleket/entities/minfin/documents/1?lang=ru>

8. Источник – [Высшая аудиторская палата Республики Казахстан](#)

10. Anuarbek Kari (2015). Monitoring and Audit of the State Financial Resources: The Problem of Effective System Arrangement (the case of the Republic of Kazakhstan).

11. Закон Республики Казахстан «О государственном аудите и финансовом контроле» от 12 ноября 2015 года № 392-V ЗРК.

12. [Оргбюро и Рабочие группы - INTOSAI](#)

13. Источник – [Высшая аудиторская палата Республики Казахстан](#) @ При копировании рекомендуется использовать ссылку на источник.

МЕМЛЕКЕТТІК АУДИТ ПЕН ҚАРЖЫЛЫҚ БАҚЫЛАУДЫ ЖЕТІЛДІРУ: ШЕТЕЛДІК ЖӘНЕ ОТАНДЫҚ ТӘЖІРІБЕ

Наурыз Д.А.

«Мемлекеттік аудит» БББ 1курс магистранты, Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, Астана қаласы, Қазақстан

Email:dananauryz@mail.ru

Түйіндеме.Қазіргі кезде мемлекеттік аудит пен қаржылық бақылаудың маңызы үнемі артып келеді.Мемлекеттік аудит пен қаржылық бақылау мемлекет дамуының әлеуметтік-экономикалық мәселелерін шешуге,бюджет қаражатын ұтымды пайдалануға үлкен әсер етеді. Мемлекеттік аудит жүйесін жетілдіру мен қаржылық бақылау механизмдерін күшейту мемлекет үшін аса маңызды болып табылады. Мемлекеттің қаржылық бақылау жүйесінің ашықтығына және сенімділігінің арттыруына ықпал етеді.Мемлекеттік аудит мемлекетке қаржылық операцияларды бақылап, экономикалық саясаттың дұрыс жүзеге асуын бақылауға мүмкіндік береді. Халықаралық тәжірибелерді зерттеу, оларды отандық тәжірибемен салыстыра отырып жергілікті жағдайларға бейімдеуге болатын ең тиімді және оңтайлы нұсқаны қалыптастыруға мүмкіндік береді. Мақалада мемлекеттік аудит пен қаржылық бақылаудың негізгі принциптері және де шет елдік тәжірибе қарастырылады.

Түйін сөздер: мемлекеттік аудит,қаржылық бақылау,цифрландыру.

Анотация.В настоящее время значение государственного аудита и финансового контроля постоянно возрастает.Государственный аудит и финансовый контроль оказывают большое влияние на решение социально-экономических задач развития государства и рационального использования бюджетных средств.Совершенствование системы государственного аудита и усиление механизмов финансового контроля имеет большое значение для государства.Способствует повышению прозрачности и надежности системы государственного финансового контроля.Государственный аудит позволяет государству контролировать финансовые операции и следить за правильностью реализации экономической политики. Изучение зарубежного опыта,сравнение его с отечественным позволяет сформулировать наиболее эффективный и оптимальный вариант, который можно адаптировать к местным условиям.В статье рассматриваются основные принципы государственного аудита и финансового контроля,а также зарубежный опыт.

Ключевые слова:государственный аудит,финансовый контроль, принципы.

Annotation.At present, the importance of state audit and financial control is constantly growing. State audit and financial control have a great impact on the solution of socioeconomic tasks of the state development and rational use of budgetary funds. Improvement of the state audit system and strengthening of financial control mechanisms is of great importance for the state. It contributes to increasing transparency and reliability of the system of state financial control. State audit allows the state to control financial operations and monitor the correctness of economic policy implementation. Studying foreign experience, comparing it with the domestic one allows to formulate the most effective and optimal variant, which can be adapted to local conditions. The article considers the basic principles of state audit and financial control, as well as foreign experience.

Keywords: state audit, financial control, principles.

Мемлекеттік аудит пен қаржылық бақылау мемлекеттік ресурстарды тиімді басқаруды қамтамасыз етуде және қаржылық тәртіпті сақтауда шешуші рөл атқарады. Ол мемлекеттік институттардың тұрақтылығына, дамуына және

сеніміне тікелей әсер ететін бірнеше мақсаттарға жетудің маңызды құралы ретінде қызмет етеді. Нарықтық экономикаға көшумен және жаһанданудың күшеюімен Қазақстанға мемлекеттік аудит пен бақылаудың неғұрлым күрделі тетіктерін енгізу қажет болды, бұл заңнамаға өзгерістер енгізуді талап етті. Мемлекеттік аудитті реформалау жолындағы маңызды қадамдардың бірі 2015 жылы Қазақстан Республикасы Есеп комитетінің негізгі құрылымы мен функцияларын айқындаған «Мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау» туралы Заңның қабылдануы болды. Бұл органға мемлекеттік бюджетке аудит жүргізуге және оның орындалуын бақылауға өкілеттік берілді. Қазақстан Республикасының Президенті Қ.Ж.Тоқаевтың 2022 жылғы 16 наурыздағы баяндамасында: "Қазіргі уақытта ауқымды жобалар мен бағдарламалар көп, алайда олардың орындалуы түрлі себептерге байланысты көңіл көншітпейді. Сондықтан Парламент республикалық бюджеттің тиімді атқарылуын бақылауды күшейтуі керек. Мен бухгалтерлік есеп міндеттемелерін алып тастап, Жоғары Аудиторлық Палата құруды ұсынамын. Бұл палата Мәжіліс депутаттарына жылына екі рет есеп беріп тұруы тиіс. Бұл, өз кезегінде, Мәжілістің мәртебесін арттырады"- деп айтылған. Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі Есеп комитетінің орнына Жоғары аудиторлық палатаның құрылуы, әлемдік тәжірибеге зерделеу жасауды және оның тиімді аспектілерін мемлекеттік аудит жүйесіне енгізуді қажет етеді.[1]

ҚР Президентінің 2022 жылғы 26 қарашадағы Жарлығына сәйкес Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі Есеп комитеті Қазақстан Республикасының Жоғарғы аудиторлық палатасы болып қайта құрылды.[2]

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік аудит пен қаржылық бақылау туралы заңының 7 бабында көрсетілген негізгі қағидаттары:

Қағидат	Анықтама
тәуелсіздік	мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау жүргізу кезінде мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау органдарының тәуелсіздігіне қол сұғатын араласуға жол бермеу
объективтілік	Қазақстан Республикасының заңнамасына, мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау стандарттарына сәйкес мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау жүргізу, мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау органдарының мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау жүргізу кезінде объективті тәсілдерді қолдануы және мүдделер жанжалын болғызбау
кәсіби құзыреттілік	мемлекеттік аудиторлардың білікті және сапалы мемлекеттік аудитті және қаржылық бақылауды жүргізуді қамтамасыз етуге мүмкіндік беретін білім мен дағдының қажетті көлемінің

күпиялылық	болуы, мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау стандарттарын, кәсіби әдеп қағидаларын сақтауы, сондайақ кәсіби борышын орындауы
анықтық	Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларды қоспағанда, мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау органдарының мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау барысында алынатын немесе өздері жасайтын құжаттарды үшінші тұлғаларға беру не онда қамтылған мәліметтерді ауызша жария ету құқығынсыз сақтау жөніндегі міндеттемесі
ашықтық	мемлекеттік аудит нәтижелерін аудиторлық дәлелдемелермен растау
жариялылық	мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау нәтижелерін баяндаудың анықтығы
мемлекеттік аудит нәтижелерін өзара тану	күпиялылық режимін, қызметтік, коммерциялық немесе заңмен қорғалатын өзге де құпияны қамтамасыз етуді ескере отырып, бұқаралық ақпарат құралдарында мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау нәтижелерін жариялау
	мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау органдарының мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау стандарттарын сақтаған жағдайда осы органдардың мемлекеттік аудит нәтижелерін тануы

Кесте-1.Дереккөз негізінде автормен құрастырылды [3]

Заңда жазылған негізгі қағидаттардың әлі күнге дейін өзінің мақсатында толықтай орындалмай жатырғанын атап айтуға болады. Атап айтқанда, аудиторлық органдардың тәуелсіздігі күмәнді болып қалады, осы салада тәжірибесі бар білікті мамандардың тапшылығы жұмыстың тиімді жасалуына теріс әсерін тигізеді. Қазақстанда аудиторларды даярлау және сертификаттау бағдарламаларын әлі де жетілдіру қажет екендігін көрсетеді. Бұл мәселелер аудит сапасының төмендеуіне әкеледі, мемлекеттік аудит пен қаржылық бақылауды жетілдірудің тежеуші факторларының бірі ретінде қарастыруға болады.

2022 және 2024 жылдар аралығындағы Жоғары аудиторлық палата қызметінің негізгі көрсеткіштері млрд теңге:

Жыл	2022	2023	2024
Аудиторлық ісшаралар саны	20	20	27
Нысандар саны	124	208	214
Қаражат көлемі	4,9	19.5	10,7

Анықталған бұзушылықтар саны	271,1	522,9	862
Қаржылық бұзушылықтар	34,2	70,4	154
Тиімсіз жоспарлау	106,1	202,3	233
Тиімсіз пайдалану	130,8	250,2	475
Қалпына келтірілген (өтелген) қаражат көлемі	16,9	27,8	135
Ескерту : дереккөз негізінде автормен құрастырылған [4]			

Кестеден көріп отырғанымыздай, 2022 жылдан 2024 жылға дейінгі кезеңде Қазақстанның жоғарғы аудиторлық қызметінің негізгі көрсеткіштері негізінде бұзушылықтар саның ұлғайғанын, бюджет қаражатының тиімсіз пайдалануы мен жоспарланғанын көруге болады. Соңғы жылдардың көрсеткіштеріндегі анықталған бұзушылықтар санының күрт өскенін көруге болады, бұл бюджет шығыстарының басқару және бақылау жүйесіндегі ықтимал әлсіздіктерді көрсетеді. Қалпына келтірілген қаражаттың едәуір мөлшеріне қарамастан, жұмыстың жалпы тиімділігін әлі де арттыру қажет екендігін көрсетеді. Пайыздық көрсеткіш бойынша соңғы екі жылдықта қалпына келтірілген (өтелген) қаражат көлемі 100% қамтып отыр. Алайда, анықталған бұзушылықтар санының да өсіп жатырғанын көріп отырмыз. Қазіргі кезде жүргізіліп жатырған жетілдіру жұмыстары қарқынды көлемде еместігін көрсетеді.

Мемлекеттік аудит пен қаржылық бақылауды әлі де жетілдіру қажет екенін білдіреді, ол үшін әлемнің озық елдерінің қолданған тәжірибелеріне назар аударуға болады. Мәселен, заманауи технологияларды енгізу аудит процестерін едәуір жақсартуға, бақылау сапасын арттыруға және деректерді өңдеуге кететін уақытты қысқартуға мүмкіндік береді, бұл өз кезегінде мемлекеттік ресурстарды басқаруды жақсартуға және қаржылық шығындар мен сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін азайтуға ықпал етеді.

Мемлекеттік аудиттің қалыптасуы мен даму тарихына қысқаша шолу оның орындылығы мен тиімділігі қағидатын негізге ала отырып, ұдайы жетілдіріп отыруға тиіс екендігін көрсетеді. Біздің зерттеулерімізге сәйкес, отандық мемлекеттік аудитті дамыту перспективалары оны одан әрі цифрландырумен байланысты.[5]

Қазақстан Республикасында 2017 жылы “Цифрлық Қазақстан” мемлекеттік бағдарламасы қабылданған болатын. Жоғары аудиторлық палатаның 2024 жылғы есеп беру кезінде жасалға жұмыстардан елеулі өзгерістер орын алды: кейбір рәсімдік стандарттар өзгертілді, мемлекеттік аудиторларды сертификаттау ережелері жаңартылды, Жоғары аудиторлық палатаның қызметі кеңірек жариялана бастады, ҚР Қаржы министрлігінің негізгі жүйелерімен интеграция күшейтілді және т.б. Мемлекет басшысы Қасым Жомарт Тоқаевтың тапсырмасы бойынша мемлекеттік аудит жүйесін реформалау қолға алынды.[6]

Қазақстан Республикасының Жоғарғы аудиторлар палатасы 2025 жылдың 17 ақпанынан бастап кандидаттардан құжаттарды қабылдауды

электронды форматқа көшіру арқылы мемлекеттік аудиторларды аттестаттау процесін оңтайландырған болатын.

ИНТОСАЙдың XXIII Конгресінде мемлекеттік басқаруды дамытудағы ақпараттық технологиялардың рөлі талқыланды. Басты тақырыптардың бірі болатын. "Соңғы жылдары біз ақпараттық технологиялардың қоғамның барлық аспектілеріне әсер еткенін, үлкен деректердің ауқымды көлемде өсуін көріп отырмыз. Енді бізге мемлекеттік басқарудағы шешім қабылдау процесінің тиімділігін өлшеу бұрынғыдан да оңай. Әлеуметтік ақпарат құралдары мен мобильді интернеттің арқасында қоғамның шешім қабылдауы қолжетімді. Осылайша, біз мемлекеттік реттеудің ашықтығы мен есептілігін нығайтамыз. Сонымен қатар, бүкіл әлем бойынша жоғары аудит органдары (ЖАО) өздерінің есептілігін, басқару тиімділігін арттыру, сондай ақ ел ішіндегі міндеттердің орындалуы мен бөлінуін және тұрақты даму мақсаттарының орындалуын қадағалау қажеттілігіне тап болады", деп Конгресс қатысушыларын ҚХР Бас аудиторы Ху Цзэдзюнь талқылаудың негізгі мәселелеріне алып келді.[7]

Сингапурдың тәжірибесін қарастырсақ, мемлекеттік аудит процестерін жақсарту үшін цифрлық технологияларды белсенді түрде қолданып жатыр. Мәселен, жасанды интеллект, деректерді талдау, блокчейн және ашық деректерді енгізу мемлекеттік бақылау деңгейін, тиімділікті және ашықтықты айтарлықтай деңгейде арттырды. Бұл технологиялар нақты, тез және сенімді тексеруге мүмкіндік беріп, халықтың сенімі мен мемлекеттік басқарудың тиімділігін арттырады. Нақтылап айтсақ, 2015 жылы "Smart Nation" Сингапур үкіметі елді ақылды цифрлық ұлтқа айналдыру үшін басталған бастамасы. Бағдарламаның мақсаты – әлеуметтік экономикалық мәселелерді шешу, азаматтардың өмір сүру сапасын жақсарту және мемлекеттік басқару тиімділігін арттыру үшін озық технологияларды пайдалану болып табылады. Одан бөлек 2022 жылы іске қосылған OpenGovSG платформасын да айтуға болады. Ол Сингапур үкіметінің шығындары мен бағдарламалары бойынша деректерді ашық күйде ұсынады. Платформаның негізгі мақсаты – мемлекеттік басқарудағы ашықтық пен есептілік деңгейін арттыру және мемлекеттік органдар мен азаматтардың өзара ісқимылын жақсарту болып табылады.

Қазақстандағы мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау саласындағы мәселелер аудиторлық органдардың тәуелсіздігін, есеп берудің ашықтығының шектеулілігін қарастырылған болатын. Жоғарыда қарастырылғандай, қазіргі кезде елімізде жетілдіру жұмыстары жүргізіліп жатыр, бірақ та қарқынды күйде емес. Әлемнің озық елдерінің тәжірибесін талдау, мемлекеттік аудит пен қаржылық бақылауды жетілдірудің негізі ретінде қарастыруға болады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Қазақстан Республикасының Президенті Қ.Ж. Тоқаевтың 2022 жылғы 16 наурыздағы баяндамасы <https://www.akorda.kz/kz/addresses>
2. ҚР Президентінің 2022 жылғы 26 қарашадағы Жарлығы <https://www.gov.kz/memleket/entities/esep/about?lang=kk>
3. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік аудит пен қаржылық бақылау туралы заңы <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z1500000392>

4. Жоғары Аудиторлық Палатаның 2024 жылғы аудиторлық қорытындылары
<https://www.gov.kz/memleket/entities/esep/documents/details/802829?lang=ru>
5. Алибекова Б.А. Мемлекеттік аудит (ілгерілетілген). Оқу құралы.
Нұр Сұлтан: Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ 2022 ж. 176.
6. ҚР Жоғары аудиторлық палатасының 2024 жылғы жұмысының қорытындылары
<https://www.gov.kz/memleket/entities/esep/press/news/details/910103?lang=kk>
7. ИНТОСАЙның XXIII Конгресі бойынша баяндама
<https://intosairussia.org/ru/novostimedia/kongress/auditbolshikhdannnykhnovayarealnostvysshikhorganovaudita.html>

**СЫРТҚЫ МЕМЛЕКЕТТІК АУДИТТІҢ АШЫҚТЫҒЫН
АРТТЫРУДАҒЫ ТӘУЕКЕЛДЕРДІ БАСҚАРУ ЖҮЙЕСІНІҢ РӨЛІ**
Нурмагамбетова А.С.

Мемлекеттік аудит 1 курс магистранті
Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті
Астана қаласы, Қазақстан Республикасы
E-mail: alsu.nurmagambetova@yandex.kz

Аннотация.

Мақала сыртқы мемлекеттік аудиттің ашықтығын арттырудағы тәуекелдерді басқару жүйесінің маңызы мен рөліне арналған. Қазіргі заманғы мемлекеттік басқаруда аудиторлық тексерулердің ашық жүргізілуі мен тәуекелдердің басқарылуы маңызды орын алады. Бұл жұмыс мемлекеттік органдардың тиімділігін арттыруға бағытталған тәуекелдерді басқару жүйелерінің дамуы, сыртқы аудиттің қоғам алдындағы жауапкершілігі мен ашықтығы жайында қарастырылған. Аудиттің ашықтығы тәуекелдерді басқару стратегияларының тиімді жүзеге асуына, халықтың сенімін арттыруға септігін тигізеді. Мақалада бұл үдерістерді жақсартудың жолдары мен олардың маңызы талданады.

Аннотация.

Статья посвящена роли системы управления рисками в повышении прозрачности внешнего государственного аудита. В современной практике государственного управления важным аспектом является открытое проведение аудиторских проверок и управление рисками. Работа охватывает вопросы развития систем управления рисками, направленных на повышение эффективности государственных органов, а также ответственность внешнего аудита перед обществом. Прозрачность аудита способствует эффективному внедрению стратегий управления рисками и повышению доверия граждан. В статье рассматриваются пути улучшения этих процессов и их значение для дальнейшего развития государственной аудиторской практики.

Annotation.

The article discusses the role of risk management systems in increasing the transparency of external state audits. In modern public administration practices, the